

Ш.Ш. Үәпіханов атындағы
Тарих және этнография институты


Институт истории и этнографии
им. Ч.Ч. Валиханова

The Chokan Valikhanov Institute
of History and Ethnology



ISSN 1814-6961

ОТАН ТАРИХЫ



2007 / 1

ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ
HISTORY OF THE HOMELAND

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы латын әліпбіне көшу мәселесі тарихынан

С.О. Смагулова

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Ш.Ш. Үәлиханов атындағы Тарих

және этнология институтының докторанты

XX ғасырдың 20-жылдары үкімет әліпбиді алмастыру мәселесін көтерген еді. Оның себебі XX ғасырдың бірінші ширегінде Түркия, Иран, Әзербайжан және Орта Азияның алдыңғы қатарлы зиялышары тарихи-лингвистикалық сараптау негізінде араб жазуының олардың елдеріндегі халықтар тілінің табиғатына сәйкес келмейді деген тұжырым жасауынан болды. Араб әрібінен латын әріпіне көшу шарасын іске асыруда үкімет тарапынан арнайы дайындық жұмыстары жүргізілгені белгілі. Латын әліпбіне көшпес бұрын осы мәселе төңірегінде мерзімді басылымдарда арнайы айдармен пікір-таластар өткізіліп, қазақ азаматтары өз ойларын ортаға салды.

Негізінде араб әліппесінің орнына латын әліппесін енгізу мәселесін XIX ғасырдың 60-65 жылдары Әзербайжандық ғалым, драматург Мырза-Фатали Мырзахмет Әли) Ахундов көтерді. Бірақ ол кезде патша үкіметі бұл мәселенің қалың бұқара арасына кең түрде таралуына жол бермеді. Ол өзінің жобасымен Түркия мен Иранға барып, үкімет басшыларына ұсынып та керді. Алайда бұл елдің билеушілері де Ахундовтың ұсынған жобасын қолдамады (1). Бұл турада Мырзахмет: “1863-ші жылы мұсылман әліпбіне өзгерту керек деп иран тілінде бір кітап жаздым. Бұл әліпбиді өзгерту керек екенін дәлелдермен көрсөттім. 1863 жылы бұл санамды жариялау үшін Стамбулға бардым. Әлкелік уәзір Фуад пашаға әліпбі тақырыпты жазған кітабымды ұсындым. Паша бұйрығымен “Түрік білім қауымы” кітабымды қарап, ар жағынан қабыл аларлық екен деп **көрсө дө, рұқсат бермеді**, – деп жазған еді. Стамбулдағылар оның ұсынған әліпбін қолдамауының бірден-бір себебі әріпті жазудағы қыыншылықтар болды. Мырзахмет Әли түрік басшыларына екінші рет латын әрібімен әліппе жасауды ұсынады. Үкімет басшылары оның бұл ұсынысын да қабыл алмады (2).

XX ғасырдың басында, атап айтқанда 1905 жылғы бірінші орыс революциясынан кейін Әзербайжан мен Татарстанның оқытушылары, баспасөз қызметкерлері арасында латын әрібіне көшу мәселесі қайтадан көтеріліп, оны жақтаушылардың қатары күннен-күнге көбейе түсті.

“Жәдидшілдік”, “мұсылмандық” қозғалыс өрлеген жылдары Түркияда латын әліппесінің қозғалысы күшіне бастады. Үкімет тарапынан болған қысымшылыққа қарамастан 1908 жылы Түрік парламентінде жаңа әліпбі мәселесі көтеріліп, осы іс жөнінде комиссия құрылды. Комиссия құрамына

түріктің атақты адамдарды енді. Алайда комиссия арасында бірлік болмай бір жылдан соң тарап кетті.

1910-1913 жж. Түркия мен Тегеран газеттерінде жиі-жиі өліпби мәселесін шешу турасында мақалалар жариялана бастады. Бұл мәселе 1914-18 жылдардағы империалистік соғыс кезінде уақытша тоқтап, тек 1922 жылы қайтадан қолға алынды (3).

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін халық бұқараасының игеруіне оңай жазуға ету шұғыл қажетті деп саналып, түркі халықтарының бұрынғы жазуын орыс әліпбіне (кириллица) көшіруге әрекет жасалған еді. Бірақ бұл әрекет халықтардың арасында орыстандыру саясатының жалғасы деген пікір туғызбас үшін мұны іске асырудың басқа жолдары мен сатылары қарастырылды.

Түркі халықтар жазуын реформалау мәселесін бірінші болып көтерген Әзербайжан ғалымдары болды. 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Әзербайжанның зиялды қауым өкілдері мен оқытушылары үкімет алдына әліпбиді өзгерту мәселесін қояды. Тек 1919 жылды ғана Бакуде Халық ағарту комиссариаты жаңынан әліпбиді өзгерту мәселесі бойынша комиссия құрылды, бұл комиссия 17 маусымда мәжіліс өткізіп, бір жыл ішінде латын әліпбін үйретуді мектептерге ұсыну мәселесін қойды (4).

Комиссияның үйғарымы бойынша жаңа әліпбидің жобасы жасалып, оны талқыға салу үшін үкімет орындарына тапсырылды. 1921 жылды қазанда Әзербайжан баспасөздерінде тіл, жазу, емле мәселелері қозғалды. Тез арада істі жүзеге асыратын комиссия құру мәселесі де көтерілді.

1922 жылы 30 қаңтарда Бакуде белгілі қайраткер Нариман Наримановтың үйімдастыруымен араб жазуын латын әліпбімен алмастыру мәселесін көтерген түрік оқығандарының жиналышы өткізілді. Ұзақ талқылаулардан кейін бұл ұсыныс қабыл алынып, істі жүзеге асыру үшін латын жазуын қолдаушылардан комиссия құрылды. Комиссия “Жаңа түрік әліпбі” атты кітап бастырып, мектептерде осы кітаппен оқытуды ұсынды. Сондай-ақ газеттерді бірте-бірте латын әріпімен басу мәселесін өз міндеттеріне жатқызыды.

1922 жылы Әзербайжанда Н. Наримановтың тәрагалығымен жаңа әліппенің комитеті құрылады. Комитет мүшелері халық арасында баспасөз арқылы жаңа әліпбидің қалың бұқара үшін араб әрібіне қарағанда пайдасы мен қолайлығын түсіндіріп, осы төңіректе пікір алмасуға шақырды. Осы жылды жаңа әліппе комитеті “Яна-Юл” деген газет шығара бастаса, ал 1923 жылдан бастап латын әрібінде бірнеше әдебиеттер шығарылып, халықтың талқысына салынды.

Мерзімді басылымдарда көтерілген бұл мәселе төңірегіндегі айтыстардан кейін 1924 жылды Әзербайжан үкіметі латын әліппесінің негізінде құрылған жаңа әліппе шығару турасында декрет қабылдайды (5).

20-жылдардың басында А. Байтұрсыновтың “Төте жазу әліппесі” халық арасында кең қолдау тауып, 1924 жылды маусым айында Орынборда өткен қазақ-қыргыз білімпаздарының тұнғыш съезінде араб әріпіне лайықтанған қазақ графикасы қабылданған болатын. Негізінде бұл съезде А. Байтұрсынов “Әліпби тақырыпты” деген баяндама жасап, онда араб әліпби турасындағы ойын былайша білдірген еді: “Араб әрібінен жасап алған әліп-бійімізге жер жүзінде әліпби баласы жетпейді. Араб әріпімен түзеген емлемізге бізге мәлім

емлелердің бірі жетпейді. Мұны ешкім бекер деп айта алмайды. Түзелген араб әріп жазу машинасына бір түгіл, екі түрлі әріп қоюға болатын етіп отыр, әріп тери машинасында екі суретті әріп қоюға болатындығына көз жеткізіп отыр. Түзелген әріп терушілердің де бейнетін жеңілдетейін деп тұр. ...Осылың бәрі араб әріпінің қай жағынан болса да, қалай жұмысаймын десе де келе беретін, көне беретін ыңғайлы, қолайлы әріп екенін көрсетеді". Бұдан әрі А. Байтұрсынов баяндамасында латын әріпін алу үшін көп қаражат пен қайрат қажеттігін, мұндай қаржының табылуы да қыын екендігін, қысқа мерзім ішінде мұғалімдерді бірден латын үйретіп, бірден баспаханаларды латын әрпіне айналдыру, оқу кітаптарын латынша бастыру мүмкін еместігін де ескертеді. "Латын әріпінің араб әрібінен гөрі көзге көрініп тұрган артықтығы, бадырайып тұрган пайдасы болса керек. Онда ел көнілденіп, қолдап, жебеп, көтермелеп бірдеме етер деп дәменелер едік. Ондай артықтығы, пайдалылығы жоқ", – дейді ғалым (6). Ол түркі халықтарының бұрыннан қолданып келе жатқан жазу үлгісін латын жазуына көшірудің оңай еместігін ашық білдіреді.

А. Байтұрсыновтың "Төте жазу әліппесі" кең қолдау тауып аталмыш съезде қабылданды. Сөйтіп, латын әліппейне көшкенше қазақ жазуы араб емлесімен жазылды немесе оны "Байтұрсын емлесі" деп те атап жүрді.

Латын әріпіне көшу мәселесін Қазақстанда көтерген зиялыштар Нәзір Төреқұлов мен Мұхтар Мурзин болды. Олардың бұл бастамалары 1924 жылы болған білімпаздар жиналышында үлкен айтыс-тартысқа тусты. Әсіресе жаңа әліпбиге көшу мәселесін араб әліппесін жақтаушылар арасында тартыс туғызды. Мәселен, ғалым, Г.И. Бродо Ресейдің шығыс халықтары үшін алдымен тіл бірыңғайланбаған жағдайда латын алфавитін кіргізу дұрыс болмайды, сондықтан жаңа графиканы еңгізуудің ғылыми жағынан да, практикалық жағынан да маңызы жоқ деп көрсетті. Өзінің ойын ол былай деп жазды: "Мұсылман балаларын латын шрифтіне қанша оқытсаң да, олардың ешқайсысы да латын шрифімен бейнеленген европалық мәдениетке және оның кітаби құндылықтарына ешбір бой ұрмайды. Ал араб алфавитін екі күннің ішінде жаттап алады" (7).

1924 жылы Нәзір Төреқұловтың "Жаңа әліпби неге керек?" деген кітабы Мәскеуде жарық көрді. Әліпбиді өзгерту мәселесінің қайdan шыққандығына тоқтала отырып, Нәзір Төреқұлов латын әрібіне көшудің негізгі себебі араб әріпінің оқу мен жазуда қолайсыздығында деп көрсетті (8).

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезінде Халел Досмұхамедұлы латын әрібін алуға қарсы болғандығын да, алайда соған қарамастан латын әріптерінің жобасын жасауды тапсырған соң жасағанын да жасырмаған (9). Бұл турада "Ақ жол" газетіне жариялаған "Қазақ тіліне латын әрібін алу мәселесі" деген мақаласында Халел Досмұхамедов: "Өзіміздің осы күнгі әрібімізді бірден тастай салып, латын әрібін алуға қарсы пікірде болсақ та, айналамыздағы желіктің салқыны бізге де тиді. Қолданбасақ та алтын әрібтерін біз де тілімізге үйлестіріп көру керек. Топқа түсетін болсақ, біз де өзімізге лайық жобамен түсу керек. Пән ретінде қолдануға тағы керек", – деп жазған болатын (10).

Х. Досмұхамедов латынның 14 әрібі қазақ әрібіне түп-тура келетіндігін,

сөндүктан оны өзгеріссіз қабылдауды ұсынған. Бұл әріптерге орыс (кириллица) әрібімен жазып көрсетсек а, б, д, г, к, л, м, н, о, п, р, с, т, з жатады. Ал ң, ө, ш, қ, ч сияқты әріптердің латын тілінде жоқтығын айта отырып, оған лайықты шет тілдерінде (неміс, ағылшын, поляк) қолданылып жүрген әріптерді жазуға болатындығын да көрсетеді. Мәселен, “ш” әріпін ағылшындарша “sh” деп жазуды ұсынады. Сондай-ақ, ол әріптерді латынша таңбалаганда еуропалықтардан алысқа кептей, солардың қолданып жүрген таңбаларын қолдану қажеттігін де баса айтады (11).

1926 жылы ақпан-наурыз айларында Баку қаласында өткен I-ші түрік халықтары съезінде жаңа латын әліпбін қабылдау мәселесі дауысқа салынып, 7 дауысқа қарсы 101 дауыспен латын әліппесін жақтаушылар басым түсіп, латын әліппесінің негізінде құрылған жаңа түрік әліппесін алуға қарар шығарылды. Қазақстаннан бұл съезге Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Біләл Сүлеев, Әзиз Байсейітов, Нәзір Төреқұлов делегат болып қатысты. Съезге қатысушылар екі топқа бөлініп, бірі араб әріпінің түркі халқы үшін маңыздылығын айтса, екінші топ латынға көшү аса қажеттігін дәлелдеді. Съезд барысында латыншылар араб әліппесінің түркі халықтары үшін қолайсыздылығын айтумен болса, ал арабшылар латыншыларды “орыс жолына, миссионерлердің жолына тұсушілер” деп ғайбаттады (12).

Бұл съезден кейін түрік республикаларында жаңа әліпби ұйымдары құрыла бастады. Ұйымдардың басты мақсаты халық арасына латын әліпбінің қолайлығын түсіндіру болды. Сондай-ақ, Әзербайжан, Закавказ республикалары, Түркістан, Қырғызстан, Солтүстік Кавказ латын негізіне қойылған жаңа әліппені алуға декрет шығарды.

I-ші түркі халықтары съезінен кейін 1926 жылдың аяғында және 1927 жылдың басында Қазақстанның жүртшылығы арасында жаңа әліпбиге көшү мәселесін көтерген жиналыстар өткіzlіп, ескі жазу (араб) мен латын әріпін алмастыру жөнінде айттыс-тартыстар болды. Әліпби мәселесі бойынша қазақ зияльшыларының арасында екі топ тайда болды. Оның бірі араб әліпбін жақтаса, екінші топ латынға көшүді қолдады.

1926 жылдың 10 желтоқсанында қазақ жазуын латыншаға көшіру мәселесі бойынша өткен пікір-таласты мәжілісте латын әріпін қолдаушылардың қатарында болған қазақ зияльшыларының бірі Әбдірахман Байділдин араб әліпбіне қатысты басты мынадай кемшіліктерін тізіп көрсетті:

1. Бір дыбысты белгілеу үшін әр түрлі таңбалар қолданылады. Басы, орта, соңы, жеке және соның өзінде де тіліміздің дыбыстарын түгел таңбалауға жетпейді. Мәселен, бір дыбыстың төрт түрлі нұктесі, кікүр-шүкірмен айырылатын, бірақ түрлі таңбалар.

2. Араб әріптерінің көбі бір түсті. Мәселен, , , , тағы басқалар. Бұларды бір-бірінен астындағы ия үстіндегі нұктелері болмаса, үздік-создық сыйықшалары, иректері арқасындаған айыруға болады. Әйтпесе бірінен-бірін айыру тіпті қыын.

3. Осы қүнге ірі әріптерді жазғанда, оқығанда солға қарай жазамыз, оқимыз да. Цифрларға келгенде солдан онға қарай қайта оқимыз. Бұда жақсы емес. Мұның жазуда да, баспа жұмыстарда да келтіретін недәуір кемшіліктері бар.

4. Араб әрібінің біркелкі болмай, біреуі үлкен, бірі кішкене болуы да оның берісіпшыра кемшілігі барлығын көрсетті.

5. Алгебра, геометрия, физика сыйылдыбілім кітаптарында түрлі пән белгілері бар. Олардың бәрі қай жүртта болсын латын әрібімен жазылған. Басқа араб әрібімен жазуға өте қолайсыз болады.

6. Араб әрібін музыкада қолдануда қыын. Қай жүртта болсын музыка белгілері де сан белгілері сыйылды солдан онға қарай жазылады.

7. Араб әрібінің баспа жұмысы жөніндегі кемшіліктері санап бітіргісіз. Бұл әріп өзінің қымбатқа түсетіндігін, тұзу, басу жөніндегі қолайсыздығы және аспаптарына орнатуға жарамсыздығы (13).

А. Байтұрсынов латын әліппесін қабылдаудың қажетсіздігін 1926 жылғы “Еңбекші қазақ” газетіне жариялаған баяндамасында баса көрсеткен болатын. Ол араб әліппесін жақтап сөйледі. “Араб әріпінен жасап алған әліппиімізге жер жүзінде әліпби баласы жетпейді. Мұны ешкім бекер деп айта алмайды. Түрік жүрттының 90 %-ы баяғыдан бері араб әрібін пайдаланып келеді. Әрқайсысының араб әрібімен жамалған хат мәдениеті бар”, – дей отырып, латын-араб әліпбін салыстырады, араб әріпінің тиімділігін, қолайлығын, маңыздылығын дәлелдеуге тырысты (14).

Латын әліпбін қолдан сөйлеушілер арасында Т. Шонанұлы А. Байтұрсыновтың сейлекен сөздерін талдап, араб әріпінің қажетсіздігін мысалдар арқылы көрсетпекке тырыssa, ал Ілияс Ахметов латын әріпінің өзірге керексіздігін, Ахмет Байтұрсыновтың әріпі әлі де керегімізге жарайды деген пікірде болды. Оның пікірін Міржақып Дулатов та қолдап, араб әріпінің соңғы жобасынан еш шығын шекпейтіндігін дәлелдей сөйледі. Араб әліпбін жақтай сөйлегендердің арасында Елдес Омаров пен Әбділда Байтасов та болды (15).

Қазақстандағы жаңа әліпбиді жасау ісі арнағы комитетке біріктірілген білікті, жоғары маманданған ғалымдарға, тіл мамандарына тапсырылды. 1927 жылы түрік республикалары комитеттерінің бастамасымен жаңа әліппенің Бүкілодақтық Орталық комитеттің құрылды. Бұл комитеттің осы жылғы маусым айында болған 1-ші пленумында республикаларда жасалған жаңа әліпби жобалары қаралып, біріктіріліп, түркі елдеріне бірыңғай әліпби жасады. Осы жылдың басында Қазақстанда да жаңа әліпбидің Орталық комитеттің құрылышы, Нұрмеков тераға болып сайланды. “Жаңа әліппешілер қоғамы” (қысқаша “ЖӘҚ” – С.С.) Жарғысын қабылдап, өздерінің мақсаттарын қазақ халқының арасында жаңа (латын) әліпбінің маңыздылығын түсіндіріп, көшүге үгіттеу деп көрсетті. Бұл мақсатқа жетуде қоғам өз алдына бірнеше міндеттерді де қойды. Онда халыққа араб әліпбінің кемшіліктерін түсіндіру, жаңа (латын) әліпбін еңгізу турасындағы I-ші түркі халықтарының съезінің шешімін жүзеге асыру мәселелерін қойды.

Негізінде Жарғы 8 бөлімнен тұрды. Онда қоғамның мақсаты, міндеттері, құқы мен қатар қоғамның құрамы, мүшелерінің міндеттері, қоғамға қабылдау және шығару, “ЖӘҚ”-тің бүкілқазақстандық съезін өткізу, Орталық Комитетті, тексеру комиссиясы, қоғамды тарату мәселелері айтылды. Қоғам жаңа әліпби мәселесі бойынша жиналыс, конференция өткізіп, баяндамалар оку, ғылыми көпшілік кітаптар мән оку құралдар шығару, үндеухаттар тарату ісін жандандыру

қажеттігін жарғыда айқын көрсетті. “ЖӘҚ”-қа 7 жасқа толған, әрбір ұлт өкілдері мүше бола алды. Қоғам мүшеперінің телейтін жарна мөлшері түрліше болды. Мәселен, қызметкерлер 1 сом, жұмысшылар мен оқушылар 50 тиын тиіс болды (16).

Қазақстанның ірі қалаларында да губерниялық жаңа әліппе комитеттер, қоғам, ұйымдар, үйрімелер құрыла бастады. Мәселен, Қазақстанда 1928 жылдың ортасында 58 әліпби қоғамы құрылған. Олардың 48 қоғамында, жалпы есеппен алғанда 3546 мүшесі болған (17).

Қазақстандағы әліппе түркі республикасының әліппесіне қарағанда азын-аулақ өзгерістерге ұшырады. Оның себебі “Еңбекші қазақ” жарияланған “Қазақстанда жаңа әліпби даму жолында” атты мақалада айқын көрсетілді. Мақалада жазылғандай, жаңа әліпби үш негізге сүйене жасалынды. Оның біріншісі, Одақтық Орталық комитеттің нұсқасы бойынша Қенестер Одағындағы өзге түрік үлттарының әріптегімен үқсас, екінші, қазақтың тіліне, үніне үйлесуі, үшіншісі, арабшылар сияқты емес, біз жеңіл, арзан, құйрықсыз, нұктесіз әріптегі негізінде болуы (18).

Жаңа әліпбиді қабылдауға кейір қазақ зияялышылары қарсы болып, латын емес, орыс әріпіне көшу қажеттігін қолдаған. Бұл жайлы “Еңбекші қазақ” газетінде: “Ескі молдалар, олардың қол шоқпарлары болып шыққан оқығандар, әсіресе Татарстанда татар жазушысы Ғалымжан Ибагим, Жанашараптар, Қазақстанда Ахметтер “мәдениетіміз жоғалды, ислам таянышы әліппемізден айырыламыз” деп салған ой бауырымына қарамастан көпшілік татарынан зор мәселе басталды. Әліппе мәселесі тап мәселесі болып жарыққа шықты. ...Соның үшін Ғалымжан Ибрагим, Ахмет Байтұрсыновшылар, Өзбекстанның Мұннауар Қарының тілектері далада қалды”, – деп көлтірілді (19).

1927 жылы латын әріпін алу жолындағы білімпаздардың 1924 жылы болған айтыс-тартысын жинақ ретінде Кәрім Тоқтабаев пен Мұхтар Мұрзин Қазақстан жаңа әліппе комитетінің тапсырмасымен Қазақстан мемлекеттік баспасынан кітап ретінде бастырып шығарды. Бұл жинаққа латын жазуына көшуді ұсынған бастамашылар Нәзір Төреқұлов пен Мұхтар Мұрзиннің сөйлеген сөздерінен бастап, Бартольд, Л. Жирков сияқты атақты ғалымдардың да жаңа әліпбиге қатысты айтқан пікірлері енгізілді (20).

1928 жылдың қаңтар айында Ташкентте жаңа әліппенің Бүкілодақтық Орталық комитетінің II пленумі болып, онда жаңа әліппе мәселесі бойынша пленумға дейін істелген жұмыстардың есебі тыңдалып, түркі елдерінің жаңа әліппені біржола қабылдауға бет алғандығы туралы айтылды.

II-ші пленумнан кейін қалың бұқараның қалауымен Өзбекстан, Татарстан, Башқұртстан республикалары жаңа әліппені алуға декрет қабылдады. Ендігі кезек Қазақстан мен Қырым республикаларына қойылды. Ол үшін жаңа әліппе комитеті жаңа әліппенің пайдасын қалың бұқараға түсіндіру үшін латыншылар қозғалысын қолға алу мәселесін көтерді. Сейтіп, 1928 жылдан бастап Қазақстанда жаңа әліпби (латыншылар) қозғалысы өрістей бастады. Республиканың мерзімді басылымдарында қозғалыс барысы, латын әрібін насиҳаттау жұмысының жүргізілуі туралы хабарлар жарияланып тұрды.

“Еңбекші қазақ” газеті үлт қозғалыс барысы туралы күнделікті ақпарат

жариялады отырған бірден-бір газет болды. Сондай-ақ газетке жиі-жі латын әріпінің жазылу үлгісі басылып, шағын хабарларды латын әріпімен басып та шығарды. Газет ең бірінші латын әліпбій жастар арасында кең өріс алдып отырғандығын баса жазып, бұл турадағы жетістіктердің барысын оқырмандарға жеткізіп тұруды мақсат тұтты. Сөйтіп, газеттің 3-ші беті жас латыншылар қозғалысына қатысты шағын хабарларға орын берді. Мәселен, Орынбор губерниясында қазақ жастары жаңа әліпбі қозғалыс комитетін ұйымдастыrsa, ал Семей қаласында жаңа әліпбіді жақтаушылар жиылды болып, үйірме ашып, бұл үйірмені басқару ісі Шарапиұлы, Ақынжанұлы, Сәрсенұлы, Дөнентайұлы, Асқарұлы сияқты азаматтарға жүктелгендей, үйірме мүшелері губерниялық атқару комитеті жаңынан губерниялық жаңа әліпбі комитетін ашу мәселеңін ұсынғандығы жөнінде хабар жариялады. Сондай-ақ газет Кіндік жаңа әліпбі комитетінің 1928 жылға жоспарлады отырған негізгі жоспарымен де оқырмандарын таныстырып өтті. Бұл комитеттің негізгі қолға алатын ісі жаңа әліпбімен таныстыратын курстар ашу, кітаптар бастыру, үгіт-насихат жұмыстарын қүшету екендігін баса көрсетті (21).

1928 жылдың 12 қаңтарында “Еңбекші қазақта” барлық латын комитеттері мен латыншылар ұйымдарына арналған Орталық жаңа әліппе комитетінің тәрағасының орынбасары Ораз Жандосов пен жауапты хатшысы болған Телжан Шонановтың ашық хаты жарияланды. Онда “Комитеттер мен жаңа әліпбішілердің (латыншылардың) негізгі міндеті – ауылдарда, жұмысшы аудандарында, оқытушылар арасында үгіт-насихат жұмысын қөлемді ендіру, бұл үшін баспаса з бетінде жазу керек, лекциялар оқу, баяндамалар жасау керек, съезд, конференциялар шақыру керек. Қалаларда тұрған арабшылармен әліпбі айтысы болып өтті. Қалың бұқара арасында түсіндіру жұмысын қолға алу керек. Жаңа әліпбі жолына тарту тиіс. Жаңа әліпбі қабыл ету үшін жұмысшылардан құрылған сүйеніш іздеу керек” делініп, жаңа құралатын үйірмелерге, ұйымдарға комитетпен бірлесе жұмыс істеуді ұсынды. Сондай-ақ, олардың бірнеше басты міндеттерін көрсетті берді (22).

Қазақстанда мектептер мен жоғарғы оқу орындарында латын әліпбі бірден енгізілді де, іс қағаздарына енгізу барысы бірнеше жылға созылды. Бір мезгілде барлық жерлерде латын әліпбій үйрету ісі ересек халықпен жастарды түгелдей қамтыла жүргізілді. Латын жазуын үйренуге ықылас білдірушілер қатары күннен-күнгө көбее түсті. Алайда жаңа әліпбіді үйрететін мұғалімдердің аздығы мен оқу құралдарының жетіспеушілігі және де оқу сағатының аздығы үйренушілерге кедерігі келтірді. Сондықтан латынға көшуді қолдаушылар арнайы дайындықтан өткізілген оқытушылар мен қажетті құрал-жабдықтарды жіберуді өтініп, комитетке арыз-ниеттерін жолдай бастады. Бұл турада мерзімді басылымдарда бірнеше хабараламалар басылып, қолдау көрсету қажеттігі баса айтылды.

Қазақстанға көрші басқа елдердің бәрінде жаңа әліпбі ісі күн санап ілгері басып, көбі жаңа әліппемен кітап, журнал, газеттер шығарып отырғандығы айтылып, “Лениншіл жас” газеті екі бетін жаңа әріппен бастырысын деген ұсыныстар да түсті (23).

Жаңа әліпбігеге көшү жұмысы қалалық мектептерде аса қарқынмен жүргізілді. Мектептерде арнайы ұйымдар мен үйірмелер ашылып, жеті сайын латын тілінен сабактар жүргізіліп, үгіт-насихат ісі қолға алынды. Мәселен, Қекшетау

қаласындағы 7 жылдық қазақ мектебінде наурыз айында латыншылар үйімі ашылып, оқытушылар мен ұя мүшелерінің арасында жеті сайын латын сабағы өткізілді. Мектептегі қабырға газетінде латын бөлімі ашылып, жаңа әліппе жайында хабарлар жазылып тұрган (24).

Ауылдық мектептерде де жаңа әліппе үйірмелері ашылып, оқу бағдарламасына жаңа әліппе сабактары енгізілді. Қызылорда уезінің Сүлутөбе қыстағындағы 1 басқыш қазақ мектебінде ашыған жаңа әліппешілер үйірмесі 1 сәуірден бастап ана тілінің орнына жаңа әліппе сабағы оқытылып, жеті сайын үйірме жиналысын өткізіп, осы мәселе бойынша баяндамалар жасап отырған (25).

Орта мектептерде тұрақты түрде жаңа әліппе сабағын енгізу мәселесі жиі-жі көтеріле бастады. 1928 жылдың 23 мамырында Ресей оқу комисариаты түркі республикаларына латын әріпін енгізу мәселесі жөнінде қаулы қабылданды. Онда былай деп келтірілді:

а) Ресей комиссарлар кеңесі жаңа түркі әліпбін аз ұлттарға ұлт әліпбі деген белгілесін.

в) Бұрынғы бастық сауаттандыру мектептеріне, басқа мәдениет үйімдарына жаңа әліпбі 1928-29 оқу жыланан бастап кіргізілсін. Осы жылдан бастап 5 жыл ішінде жаңа әліпбиді жүзеге асырудың жоспары жасалынын.

с) 1928-29 жылға оқу комисариаты өз қаржысынан бұл іске ерекше қаржы белгілесін.

Жаңа әліпбиге көшуді жүзеге асыру үшін оқу комисариаты 1928-29 жылға арнап 352 мың сом ақша бөлді (26).

Жаңа әліпбиге көшудің өз қынышылықтары болды. Латын жазуының кейір әріптерінің жиі өзгеріске ұшырауы оны қабылдаушылар арасында түсініспесік туғызды. Бұл турада Еңбекші қазаққа" жарияланған мына бір мақалада: "...латын әрібінің де "і"-ге бүйрекі бұратын секілді ме, қалай? Өйткені жаңа ғана жарыққа шыққанына қарамай аз уақыттың ішінде "і" әрібін бұ да тоқсан құбылтып отыр. Өуелі "і" әрібі қылып, "ъ" –ні алып еді, бұл келіссіз болды деген секілденіп бас салып "у" қылып өзгертті. Соңғы кезде оны тастай беріп, баяғы "ъ"-ға қайта көшіпті дегенді естіп отырмыз" делінді (27). Шындығында да латын әрібінің кейбіреулері бірнеше рет өзгеріске ұшырап, оқытушылардың өздері де жазу барысында қай әріпті қолдану керектігін білмей қиналған кездері жиі кездесті.

1928 жылы 18-23 желтоқсанда Қазан қаласында Одақтық жаңа әліпбі кіндік комитетінің III пленумы өтіп, оған Әзербайжан, Татарстан, Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан және басқа түркі елдерінен өкілдері қатысып, жаңа әліпбі төнірегінде бірнеше мәселелер қарастырған еді. Бұл пленумға араб жазуын жақтаушы зиялыштар да қатысты. Бұл турада "Жаршы" журналына Телжан Шонанұлы: "Арабшылардың бастықтары Қазанды болатын. Қазақ арабшылары Қазан жақа қозін сүзетін. III пленум арабтардың осы қазандағы қамалын алды. Бұрын жоғарғы партия мен кеңес орындарына жаңа әліпті жамандап арыз берген татар арабшыларының 82 бастығы болатын. Олар жаңа әліпшілерді кеңес үкіметінің дүшпаны да қылышпекші болған. III пленум жұмысын көріп, түркі еңбекшілері әліпке жұмсалғанын көрген соң осы арабшылар газетке жазып, пленумға да келіп қаталарын мойынға алды", – деп жазған еді. Шындығында да бұл III пленумда латыншылар мен арабшылар

арасында қатты тартыс болып, латын әліпбійінің қабылдануын жақтаушылар өздерінің пікірлерінің дұрысытығын дәлелдеп, арабшыларды мойындарқан еді.

III пленумда жаңа әліпбиге нақты көшу мерзімі де талқылап, әр респубикалардың 5 жылға белгілеген жоспарының орындалу барысын да тоқталды. Негізінде барлық түркі республикаларына латын әріпіне көшу мәселесіне байланысты 5 жылдық жоспар жасау мәселесі 1928 жылы 1-ші қаңтарда Ташкентте өткен II пленумда көтерілген еді. Пленум шешімі бойынша әр республика жаңа әліпбиге көшудің нақты мерзімін көрсеткен жоспарларын III пленумның талқысына қойды.

Қазақ латыншылары III пленум алдында өткен конференциясында жаңа әліпбиге көшуді 1931 жылға дейін аяқтау мәселесін көтерген болатын. Ал басқа республикалар бұл мәселе жөнінен Қазақстаннан ілгері кетіп, қазақ латыншылары жаңа әліпбиге көші ісін енді бастап жатқан кезде, өздерінің ақпарат құралы болған газет-журналдарды латын жазуында шығарып, мектептердегі жазуды да латын тіліне көшірген еді Міне, сондықтан III пленум барлық жерде жаңа әліпбі 1-2 жылда іске толықтай ассын деген қаулы шығарады (28).

Қазан қаласында III пленум өтіп жатқан кезде 19 желтоқсанда (1928-С.С.) ҚОАК-нің “Жаңа қазақ алфавитін (әліппесін) енгізу” турасындағы заңы қабылданды. Онда араб әліппесінің педагогикалық жағынан да, техникалық жағынан да алып қарағанда жарамсыз болып қалғандығы айтылып, оның орнын латын әріптерімен алмастыру мәселесін еңбекші халық міндег қылып отырғандығы келтіріліп, 12 белімнен (пункт) тұратын қаулы бекітілді. Сөйтіп, барлық мемлекеттік және кооперативтік мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындарда 1931 жылдың 1 қазанына дейін ісқағаздарды жаңа әліппе негізіне көшіру, қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар 1930 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа әліппе негізінде басылу, 1931-32 ж. барлық жоғарғы оқу орындарындағы жазуды жаңа әліппеге алмастыру мәселесі айтылды (29).

Ал Әзербайжан Орталық кеңес комитеті мен Халық комиссарлар кеңесі 1928 жылдың 1 қазанынан бастап мерзімді басылымдардың барлығын жаңа әліпбиге және мектептердегі жазуды латын әрібіне көшіру мәселесін 1928 жылдың 28 мамырындағы қаулысында баса көрсеткен болатын (30).

III пленум шешімдерінен кейін Қазақстанда жаңа әліпбиді насиҳаттау мақсатында Орталық жаңа әліпбі комитеті 1929 жылдың қаңтар айынан “Жаршы” журналын шығара бастады. Бұл журналдың редакторлық қызыметін Қабылұлы, Тоқжігітулы, Байділдаұлы атқарды. Журнал латын әліпбійінің түркі елдерінде енгізілу барысын, осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар мен конференциялар, пленумдар жөнінде жазып, халықты хабарлар етіп отырды. Жаңа әліпбі қозғалысының Шығыс түркі елдерінде 1926 жылдың шілдесінде басталып кеткендігін, міне осы жолда қыруар істер атқарылып жатқандығын, мәселен Өзбекстанда 1 тамыздан бастап “Қызыл таңба” деген жетілік, ал Түркіменстанда жаңа әліпбіде “Қызыл жол” деген айлық журналдың, Қырғызстанда “Жаңа мәдениет” деген айлық журналдың шығарыла бастағандығы айтылды (31).

III пленумнан кейін қазақ латыншыларының конференциясы өткізілді. Онда

1929 жылдың аяғына дейін Қазақстанның 75 000 адамына жаңа өліппемен хаттантып, 600 000-700 000 дана жаңа (латын) өлібін ел арасына тарату қажеттігі баса айтылды (32). “Жаршы” журналы әр санында латыншылардың қозғалысын барысын, олардың қол жеткізген нәтижелерін қорытындылап отырды.

1929 жылдың 24 қантарында Қазақстан ОАК-нің төрағасы Е. Ерназаровтың қол қоюымен жаңа өлібі бекітілді және бүл өлібі “Еңбекші қазақ” және “Советская степь” газеттеріне жариялау ұсынылды. Ал 1929 жылдың 26 ақпанында жаңа қазақ өліппесін енгізудегі Қазақ АКСР-ның IV сессиясының шешімдерінде орындау мәселе қаралып, 1929 ж. 1 сәуірінен бастап бүкіл мекемелерге жаңа өлібиді енгізу, осы мекемелердің қызметкерлеріне 1 маусымына дейін жаңа өлібиді үйренуді міндеттеу және осы жаңа өлібиді үйренуде оку кітаптарын, қосымша құралдар шығару, жаңа өлібиді үйрететін орындар (пункттер) ашу турасында қаулы қабылданды (33).

1929 ж. 25 шілдеде ҚАКСР ОАК-нің жаңа қазақ орфографиясын бекіту жөніндегі қаулысы, ал 14 тамыздажаңа әліпбиді Халықағарту комиссариатының бүкіл мектептеріне енгізу турасында қаулы қабылданды (34).

1930 жылдың 5-12 мамыр аралығында Алматыда Одақтық жаңа өліппе кіндік комитетінің IV пленумы өткізіліп, онда жаңа өлібі жұмысын жандандыру мәселе қарастырылып, жаңа (латын) өлібін 36-дай халықтың алғандығы айтылды. Қазақстанның әлібиді енгізуді биылғы жылы толық бітіргелі отырғандығы да айтылды (35). Осы жылы жаңа түрік өлібінің Орталық Комитеті КСРО ОАК-нің жанындағы жаңа өлібидің Бүкілодақтық орталық комитеті болып қайтадан құрылды. 1931 жылы Қазақстан толықтай латын өлібініне көшті. Бүл комитет 1940 жылдың соңына дейін жұмыс істеді. КСРО түркі халықтарының жазуы ретінде Ұлы Отан соғысы кезінде орыс өлібінің (кириллица) енгізілуіне байланысты комитет таратылады.

Соңғы жылдары еліміз латын өлібініне көшу мәселе сін көтеріп, осы мәселе төнірегінде халық арасында талқылаулар өткізіліп жатқандығы белгілі. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев латын өлібініне көшу мәселе сін қатысты пікірін білдіріп, оған мұқият дайындықтың қажеттігін айттып өткен болатын.

1 ҚР ПМ. 141-к., 1-т., 915-іс. 22- артқы п.

2 Тереңұлов Н. Жаңа әліпби неге керек? – М., 1924. 38-б.

3 ҚР ПМ. 141-к., 1-т., 915-іс. 23- п.

4 Тереңұлов Н. Жаңа әліпби, 38-39, 45-46, 51-66.

5 Еңбекші қазақ. 1928, 20 июнь №137.

6 Ұлттың ұлы ұсталы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартуші Ахмет Байтұрсыновқа арналады (Құрастырушы В.Қ. Күзембаева). – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 49-51-66.

7 Ахметов Қ. Қазақстан мәдениетінің құлы тағдыры (ХХ ғасырдың 20-30 жылдары). – Алматы, 2002. 137-66.

8 Тереңұлов Н. Жаңа әліпби. – 62-б.

9 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384, 163-66.

10 Ақ жол, 1924. № 435.

11 Сонда.

12 Еңбекші қазақ. 1928. №137.

13 ҚР ПМ. 141-к., 1-т., 915-іс. 23- п.; Өліппе айттысы. Қызылорда, 1927. – 9-11-66.

14 Өліппе айттысы. Қызылорда, 1927. 16-29-66.

- 15 Сонда, 30-49, 50-56-66.
- 16 ҚРПМ. 141-к., 1-т., 1560-іс. 2-п.
- 17 Еңбекші қазақ. 1928, 22 июль. №164.
- 18 Сонда.
- 19 Еңбекші қазақ. 1928. 2 октябрь. №227.
- 20 Еңбекші қазақ. 1928. 2 февраль. №27.
- 21 Еңбекші қазақ. 1928. 4 гинуар. №3.
- 22 Еңбекші қазақ. 1928. 12 гинуар. №10.
- 23 Еңбекші қазақ. 1928. 8 июль. №152.
- 24 Еңбекші қазақ. 1928. 3 апрель. №75.
- 25 Еңбекші қазақ. 1928. 15 май. №107.
- 26 Жаршы. 1929. 2-б. №1.
- 27 Еңбекші қазақ. 1928. 19 июнь. №136.
- 28 Жаршы. 1929. №1. – 3-б.
- 29 Систематическое собрание законов. – С. 91-92.
- 30 Жаршы. 1929. №1. – 2-б.
- 31 Сонда, 2-б.
- 32 Жаршы, 1929. №2-3.– 6-б.
- 33 Систематическое собрание законов. – С. 93,97.
- 34 Сонда. – С. 140,163.
- 35 Жаршы. 1930, №2. – 4-б.

В статье на основе сопоставительного анализа архивных данных, периодических изданий и редких книг рассматриваются вопросы, связанные с переходом тюркских народов Советского Союза на латинизацию в 20-е гг. XX в.

Автор отметил, что вопросы перехода на латинскую графику поднимались в обществе начиная с 60-х гг. XIX столетия, подробно рассматривает дискуссии вокруг этой проблемы. Анализируются материалы газеты "Енбекши казах", "Ак жол", журнала "Жаршы" посвященные переходу на латинский алфавит, рассмотрены взгляды и предложения представителей казахской интеллигенции по этой проблеме.

In the article on the basis of comparative analysis of the archive data, periodicals and rare books the problems of the transition of the Turk peoples of the Soviet Union to the latinizatsia in the 20 s of the XX c are considered.

According to the author these problems have been putting since the beginning of the 60 s of the XIX c.

The author of the paper considers all discussions on this question. The information from "Uenbekshi kasakh", "Ak zhol", "Zharschi", devoted to the transition period to the Latin alphabit, the Kasakh intelligentsias points of view are considered too.